

Құрметті Нұртай Салихұлы!
Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!

1-слайд. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта (бұдан әрі – **ТКШ**) **табиғи монополия** салаларына сумен жабдықтау және су бұру, жылумен жабдықтау және электр энергиясын беру жатады.

Тұтас алғанда, Қазақстанда **1 172 табиғи монополия субъектісі** (бұдан әрі – **ТМС**), оның ішінде **ТКШ саласында – 926 ТМС** тіркелген, олар **1355 қызмет** көрсетеді.

Бұдан басқа, **ТКШ қызметін қоғамдық маңызы бар нарықтар** субъектілері де көрсетеді. Атап айтқанда, олар **электрмен және газбен жабдықтаудың бөлшек саудасы** қызметін көрсетеді.

2-слайд. Соңғы жылдары коммуналдық қызметтер саласындағы ең өткір проблемалардың бірі коммуналдық желілердің тозуы мен ысыраптың көптігі болды, мұның бәрі тарифтердің жыл сайын өсуінен көрінді.

Осы проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ЕҚДБ ынтымақтастық туралы келісім жасады, оның шеңберінде **екі фазадан** тұратын **«Инфрақұрылымдағы реттеу және тарифтік саясатты әзірлеу»** атты зерттеу жобасы (бұдан әрі - **Жоба**) іске асырылады.

Бірінші фазаның міндеті: Қазақстандағы тарифтік саясатқа, нормативтік құқықтық базаға және табиғи монополияларды реттеу процесіне талдау жүргізу болды.

Тұтастай алғанда, осы талдаудың барысында **реттеудің ескірген саясатын** (*ЕО елдері тарифтік саясатқа 15 жыл бұрын, ал Ресей 5 жыл бұрын реформа жасаған*), **активтердің толық бағаланбаған құнын, секторды шамадан тыс реттеуді, тарифтерді реттеу процесінде ашықтықтың болмауын және басқаларын** қоса алғанда, тарифтік саясаттың кемшіліктері анықталды.

3-слайд. Осылай, осы ұсынымдарды іске асыру үшін, тозу, ысырап және тарифтердің өсуі проблемаларын шешу мақсатында **2015 жылғы 1 сәуірден бастап** табиғи монополиялар субъектілерінің **шекте (5 жыл және одан ұзақ мерзімді) тарифтерге** көшуі бойынша **жаңа инвестициялық тарифтік саясат** енгізілді.

Қазіргі уақытта **субъектілердің 87 %-ға** жуығы шекте тарифке көшті.

Анықтама: Шекте тарифтерге өтуі тиіс 315 субъектінің бүгінгі күні 274-і өтті. Ағымдағы жылы шекте тарифтерге 34 ТМС-ті, ал 2018 жылы - қалған 7 ТМС-ті өткізу жоспарлануда.

Жаңа тарифтік саясаттың **негізгі міндеті** – тарифтерді өсіру емес, қандай да бір салаға **инвестициялар тарту**, сондай-ақ ұзақ мерзімді кезеңге тарифтердің өзгеруінің болжамдылығын, олардың инвесторлар үшін болжамдылығын және халық үшін ақылға қонымдылығын қамтамасыз ету болып табылады.

2015 - 2021 жылдарға табиғи монополиялар салаларындағы инвестициялардың күтілетін көлемі **2,1 трлн. теңгені** құрайды.

Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді бекіткен кезде уәкілетті орган **Шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібін** қолданады, оған сәйкес тарифтерге экономикалық негізделген шығындар қосылады.

Осыған байланысты, инвестициялық бағдарламалардың орындалуын бақылауды күшейту тәсілдері енгізілді, олар біріншіден,

алқалық негізде қаралады және екіншіден, заңнамада субъектілердің көрсетілетін қызметтердің белгілі бір стандарттарын сақтауы, субъектілер көрсететін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін енгізу қамтамасыз етілген.

Тұтастай алғанда, тарифтік саясатты іске асыру **табиғи монополиялардың көрсетілетін қызметтері тарифтерінің инфляцияға жиынтық үлесі бойынша** ҚР Үкіметі жыл сайын жоспарлайтын дәлізді табиғи монополиялар субъектілерінің сақтауы шеңберінде жүзеге асырылады.

Табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтердің **үлкен әлеуметтік маңызына** байланысты, **ЕҚДБ зерттеу жобасының екінші фазасын іске асырған кезде** (2016-2017 жылдар ішінде) Қазақстан Республикасының Үкіметі ЕҚДБ консультанттарының **ұсынымдарын сынақтан өткізу үшін бірнеше пилоттық саланы** (жылумен жабдықтау, электр энергиясын бөлу, теңіз порттары, сумен жабдықтау, әуежайлар) **және субъектіні** таңдады. Осы жұмыстардың нәтижесі бойынша салалық ерекшеліктерді ескере отырып, әдістемелерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар қалыптастырылатын болады.

4-слайд. Тарифтік саясатты реформалау шеңберіндегі ең маңызды өзгеріс халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын ескеріп және тариф белгілеу және табиғи монополиялар субъектілерінің жауапкершілігін арттыру бойынша балама шешімдерді (ынталандырушы әдістерді) қолданып, отырып, **«Табиғи монополиялар туралы» жаңа Заңды** әзірлеу болып табылады.

Заң жобалау жұмыстарының 2017 жылға арналған жоспарына сәйкес бұл жобаны **ағымдағы жылғы мамырда** Қазақстан Республикасы Парламентінің **Мәжілісіне енгізу** жоспарланып отыр.

5-слайд. Қолданыстағы «Табиғи монополиялар туралы» Заң 1998 жылы қабылданған кезден бастап, оған 15 заңмен 200-ден астам түзету енгізілді. Құқықтық актінің жүйелі болмауы тариф белгілеудің барлық процесінің ашық болмауын күшейтеді.

Бұған қоса, бүгінгі күні тарифтік реттеу рәсімдері 79 заңға тәуелді актімен бекітілген.

Сонымен қатар, қолданыстағы Заңның және табиғи монополиялар туралы барлық заңнаманың негізгі проблемасы **тарифтік реттеудің шығын әдісін** ғана бекіту және жаңа әдістерді кезең-кезеңмен енгізу үшін құқықтық базаның болмауы болып табылады.

6-слайд. Заң жобасы ең алдымен **реттеудің жаңа әдістерін қолданудың құқықтық негізін** қалайды.

Оларға мыналар жатады:

Табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді олардың қызметінің тиімділігін арттыруына және көрсетілетін қызметтердің сапа стандарттарын сақтауына байланысты бекітуді көздейтін **ынталандырушы әдісі**.

Бұл әдістің негізгі мәні кәсіпорындарды өз шығындарын үнемдеу және өз тиімділігін арттыру үшін ынталандыру болып табылады (*үнемделген қаражатты өзінің жұмсауы*).

Тарифтерді жыл сайын индекстеу арқылы қуаты аз табиғи монополия субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді бекітуді білдіретін және қазіргі уақытта қуаты аз табиғи монополиялар субъектілеріне қатысты қолданылатын **индекстеу әдісі**.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартын жасаған кезде тарифті айқындау – табиғи монополия субъектісі мен реттеуіш арасындағы реттеушілік келісімнің қолданылу мерзімін және тарифін, нысаналы көрсеткіштерді, көлемін және инвестициялар бағыттарын және басқа да шарттарды айқындау.

Реттеушілік келісім әдісіне мысалы ретінде қазіргі уақытта жасалатын концессиялық келісімді келтіруге болады, онда кәсіпорын қызметінің бірқатар шарттары, сондай-ақ қолданылатын тариф айқындалады.

Тарифтерді белгілеу рәсімі тарифтік реттеу әдісіне қарай барлық дерлік заңға тәуелді нормативтік базаны қамтитын базалық құжат - **Табиғи монополия субъектілерінің қызметтерін жүзеге асыру және реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді белгілеу қағидаларына** сәйкес айқындалады, бұл монополияларды реттеудің құқықтық тетігін жүйелеу мен түсінуді қамтамасыз етеді.

7-слайд. Тариф белгілеудің жаңа әдістерінен басқа, заң жобасы тариф белгілеудің ашықтығын арттыру және тарифтерді бекіту процесіне жұртшылықты тарту мақсатында, Тарифтік саясат жөніндегі кеңес, ұйымдасқан тұтынушы қағидаты, ТМС-нің көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің инфляцияға жол берілетін (ең жоғары) жиынтық үлесін, сондай-ақ, ТМС-нің қызметтеріне сапа, сенімділік және тиімділік өлшемшарттарын енгізу, уәкілетті орган мен ТМС арасында **электрондық құжат айналымы** сияқты институттарды қосқанда, жаңа институттарды енгізуге бағытталады.

8-слайд. Осылайша, саланы дамытудың басты міндеттерін шешуге және ең үздік әлемдік практиканы енгізуге бағытталған тариф белгілеудің тәсілдерін жетілдіру жөніндегі болжанатын шаралар кешені:

- тариф белгілеудің құқықтық жүйесінің икемділігін;
- тариф белгілеудің шығын әдісінен ынталандырушы және өзге әдістеріне кезең-кезеңмен көшуді;
- тариф белгілеу тетігінің ашықтығын және оны тұтынушылардың түсінуін арттыруды;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуді;

- тарифтерді бекіту процесіне мүдделі адамдарды (кәсіпкерлерді, тұтынушыларды және т.б.) барынша көп тартуды қамтамасыз етеді.

Назарларыңызға рахмет!